

# aceline

*Пайдаланушы нұсқаулығы*

aceline

aceline



**Инфрақызыл  
жылытқыш  
Aceline ZY-900C**

## **Мазмұны**

<b>Құрылғының тағайындалуы .....</b>	<b>5</b>
<b>Сақтық шаралары.....</b>	<b>5</b>
<b>Техникалық сипаттамалары.....</b>	<b>6</b>
<b>Құрылғының сұлбасы .....</b>	<b>6</b>
<b>Құрылғыны құрастыру.....</b>	<b>7</b>
<b>Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....</b>	<b>7</b>
<b>Қызмет көрсету және күту.....</b>	<b>7</b>
<b>Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары .....</b>	<b>8</b>
<b>Қосымша ақпарат.....</b>	<b>8</b>

# Құрметті сатып алушы!

Сізге «Aceline» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз, смартфонды одан әрі қолданған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының тағайындалуы

Инфрақызыл жылытқыш үй-жайларды ішкі жылытуға арналған.

## Сақтық шаралары


1. Аспапты қуат көзіне қоспас бұрын, Сіздің үйіңіздегі электр желісінің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Қуат кабелін аспаптың ыстық бөлігінен мүмкіндігінше алыс ұстаңыз.
3. Аспапты ваннада, душта немесе хауыздың жанында пайдаланбаңыз.
4. Аспапты ваннаға немесе суы бар ыдысқа құлап кетуі мүмкін жерлерге қоймаңыз.
5. Аспап қосуды және жұмыс істеп тұрған кезде дымқыл қолмен және дененің кез келген бөлігімен оның бетіне және басқару блогының бетіне тигізбеңіз.
6. Қызып кетуін болдырмау мақсатында аспапты жаппаңыз.
7. Киімді жұмыс істеп тұрған аспапқа кептірмеңіз.
8. Күйіп қалуды болдырмау үшін аспап жұмыс істеп тұрғанда торға қол тигізбеңіз.
9. Аспапты тек үй жағдайында пайдалануға рұқсат етіледі.
10. Аспапты ұзын түкті кілемге қоймаңыз.
11. Аспапты пайдалану кезінде оны тегіс жерге қойыңыз.
12. Тұтануды болдырмау үшін аспапты перделер мен шымылдықтардың жанына қоймаңыз.
13. Жұмыс істеп тұрған аспапты розетканың астына қоймаңыз.
14. Жұмыс істеп тұрған аспапты тез тұтанатын сұйықтықтардың жанына қоймаңыз.
15. Аспапты жылжитқан кезде ашаны розеткадан шығарыңыз.
16. Көрінетін зақым анықталған кезде аспапты пайдаланбаңыз.
17. Құрылғы балалардың және, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырайтын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеңіз.
18. Аспапты жұмыс істеп тұрған күйінде, сондай-ақ Сіз ұйықтап жатқанда қараусыз қалдырмаңыз.

19. Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін қуатты электр аспаптарын жылытқышпен параллель қоспаңыз.
20. Жылытқышты қосқан кезде ұзартқышты пайдаланбаңыз, себебі бұл өрт қаупін тудырады. Құрылғыны пайдаланып біткен соң режимдерді айырақосқышты «OFF» күйіне, ал термостатты минималды мәнге орнатыңыз, содан кейін оны желіден ажыратыңыз.
21. Аспап ұзақ уақыт пайдаланылмаса, оны таза, құрғақ жерде орналастыру керек.
22. Егер аспаптың жұмысында кез келген ақаулар болса, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: ZY-900C.
- Қуат параметрлері: 220–240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 900 Вт.
- Қызып кетуден қорғау.
- 4 жұмыс тәртібі.
- Айналу атқарымы.

## Құрылғының сұлбасы



1. Қуат реттегішінің тұтқасы.
2. Қыздырғыш элемент.
3. Айналмалы табан.

## Құрылғыны құрастыру

1. Сомынды аспаптың табанынан бұраңыз.
2. Қуат баусымын табан арқылы тартыңыз және баусымды арнайы тесік арқылы өткізіңіз.
3. Табанның мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз, содан кейін сомындарды орнына абайлап бұраңыз.

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құрылғыны тегіс тұрақты жерге орналастырыңыз.
2. Құрылғы электр желісіне қосыңыз.
3. Айырақосқышты қажетті режимге орнатыңыз: «450W» немесе «900W».
4. Құрылғы бұрыла бастау үшін айырақосқышты «450W TURN» немесе «900W TURN» күйіне орнатыңыз.
5. Төңкерілген жағдайда құрылғы автоматты түрде өшеді.
6. Құрылғыны пайдаланып біткен соң айырақосқышты «OFF» күйіне бұрып, оны өшіріңіз, содан кейін оны желіден ажыратыңыз.

## Қызмет көрсету және күту

- Тазаламас бұрын әрдайым құрылғыны электр желісінен ажыратып, суытыңыз.
- Құрылғыны бейтарап жуғыш затпен дымқыл жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
- Құрылғыны суда жууға тыйым салынған.
- Абразивті тазалағыш заттарды, еріткіштерді, бензинді және т.б. қолданбаңыз.
- Қолданар алдында немесе сақтамас бұрын құрылғыны мұқият құрғатыңыз.
- Егер аспап ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, оны түпнұсқалық қаптамаға салыңыз немесе шаң түспес үшін құрылғыны жауып, құрғақ жерде сақтаңыз.

## Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны сақтау және тасымалдау құрғақ жерлерде жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну керек немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** «Нинбо Цзо И Ю Электрик Эпплайенс Ко., Лтд.»

№ 125, ЯнПу тас жолы, Фухай, өнеркәсіптік даму аймағы, Цыси қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер/юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар ЕЭО ТР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Аспаптың жиынтықтамасы алдын ала хабардар етусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1



# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылымында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге, пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдікті міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету тауарлардың жиынтығына кіретін төменде аталып өткен керек-жарақтарға қолданылмайды, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса:**

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) арналған құат көзінің элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымды қатты магнит дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Тысқаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждау құрылғылары, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



## Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін өзіне жүктемейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталғанда.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін, сондай-ақ өзінің тікелей арналымына сай келмейтін өзге мақсаттарда қолданылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, іске қосу қағидаларын (бұйымның өзіне де, онымен түйіскен бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеу әсерінің нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де залал үшін жауапты болмайды.
- Барлық механикалық зақымданулар: өнімді пайдалану барысында алынған кетіктер, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысқан, жаншылған жерлер және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті жоқ адамдардың бөгде түрлендірулері, рұқсатсыз жөндеу іздері бар. Егер ақаулық бұйымның құрылымының немесе сұлбасының өзгеруінен, Өндірушімен қарастырылмаған сыртқы құрылғылардың қосылуынан, Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақаулығы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақаулық бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелетін, бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаған.
- Бұйымды сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен туындаса; БЖ жеткізушісінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты, бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюмен туындаған жағдайда.
- Егер жұмыстың ақаулары қуаттандырушы, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің әрекет ету шекарасында немесе желінің әрекет ету аймағынан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар бейстандартты (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуаттандыру элементтерін, әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM-карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті алумен, орнатумен және пайдаланумен туындаса (әуендер, графика, бейнетүсірілімдер және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар).
- Осы бұйыммен түйісе жұмыс істейтін басқа жабдыققа келтірілген залал үшін.





